

ойлап, сурет сала білмесе. Осы жердегі мақсат (оқытушылардың) дизайн өнерін үйреніп жатқан студенттерді өзінің нағыз шынайы кәсіби маманы етіп шығару. Шығармашылық қиялды, өнердің түрлерінің ішіндегі соңғы кездегі қарқынды дамып келе жатқан осы компьютерлік графика арқылы да дамытуға болады.

1. *Исабек Н. Е. Студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау: Дис...пед. ғыл. канд. – Алматы, 2006.*

#### Резюме

В статье рассматриваются возможности компьютерной графики при формировании у студентов художественной фантазии, исследуются методы обучения, а также значение компьютерной грамотности в изобразительной деятельности в условиях глобализации.

#### Summary

The article discusses possible computer graphics in the formation of the students' artistic visions and values of computer literacy representational activities in the context of globalization, as well as methods of learning.

## **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Ә.Е.Омаров -**

*Шығыс Қазақстан облысы Д. Бабатайұлы атындағы  
қазақ орта мектебінің мұғалімі*

Жалпы білім беретін орта мектептердің бейнелеу өнері пәні бойынша бағдарламаларда оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру жайлы мәселелер әлі де болса өзінің толық деңгейін тапқан жоқ.

Шығармашылық іс-әрекетті біз ертегі, әңгіме, ойын, сурет және т.б. жасау үрдісі кезінде әр түрлі тәсілдерді іздеу және алдағы міндеттерді шешу жолдарын қарастыру деп түсінеміз. Ал белгілі бір тарихи тақырыптағы әдебиет жанрындағы поэмалар арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру қазіргі заманға сай, жаңа үлгідегі бағдарламалар құруды талап етіп отыр.

Бейнелеу өнерінің әр кезде де эмоционалдық өңделуі жоғары болады. Оның осындай болуына тек қана болмыс туралы әсерлер емес, сонымен бірге эмоционалдық ойлау да әсер етеді. Эмоционалдық бастауды дамытпай, адамға нағыз қажет талғампаздықты, қиялдауды, көз алдына елестетуді, армандай білуді дамыту мүмкін емес. Ал осылар болмаса, онда шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру да мүмкін емес.

Бұл сабақ жоспарында оқушыларды бейнелеу өнеріне үйретуде негізгі мақсат олардың бойындағы тума дарындық, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру болғандықтан оқушылардың әр түрлі көркем-шығармашылық іс-әрекеттерінің қалыптасу жағдайын анықтауға бағытталған, көркем шығармашылықтың әртүрлі түрлері арқылы жүзеге асыру негізінде тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстар жүргізу.

Адамзат кішкентайынан бастап, нақты ойлармен және сезімдермен ассоциацияланатын, көзге көрінетін әсерлер мен елестерді жинақтайды. Әр түрлі жанрлар мен алуан түрлі өнердің бірігіп қызмет етуі – табиғи құбылыс, бірақ әр қайсысының өзіндік ерекшелігі сақталып қалады. Мұндай әсемдеушілік оқушы-жастардың қабылдау қабілетін бір қарағанда-ақ ұйымдастыруға мүмкіндік береді де, ойлау қабілеті жұмыс істейді. Ойлау үрдісінде сурет салушы тақырыпқа байланысты заттар мен құбылыстардың байланыстарын байқайды, ой абстрактілі үрдіс болғандықтан, тікелей сезім мен қабылдауда аталған байланыстар көрінбейді. Ойлаған затты көз алдына елестете отырып, ойындағы жадысы арқылы сурет салуды жалғастырады. Осыған байланысты оқушыларға поэма тақырыбы арқылы оқушылардың біріншіден ойын жетілдіріп, ойын дамыту арқылы шығармашылық іс-әрекеттің қалыптастыра отырып, тақырыптық композиция құру мақсатында мынандай сабақ жоспарын ұсынып отырмыз:

**Бейнелеу өнері пәнінен сабақ жоспары**  
(Ашық сабақ)

Сыныбы: 6 «Ә»

Пән мұғалімі: **Омаров Әбдікәрім Есенұлы**

**Шығармашылық ашық сабақ жоспары (90 минут).**

**Сабақтың тақырыбы:**

«Шырақ» поэмасына иллюстрация

**Бірінші сабақ (45 минут).**

Сабақ жобалық сызба суреттер салу.

**Бірінші лекциялық сабақтың мақсаты:**

Оқушылардың біліктілігін қалыптастыру

**Тәрбиелік мақсаты:**

Оқушылардың елін, халқын сүйуге, Отанын қорғай білуге, ерлікке, адамгершілік асыл қасиеттерге баулу және патриоттық сезімін ояту.


**Дамытушылық мақсаты:**

Тақырып аясында сюжеттік таңдауын, композициялық құрылымының жинақы да, нақты қамтылуын, дұрыс таңдалуын дамыту.

Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Өнерді сүйуге, бағалауға дағдыландыру.

Өнерге ынтасын арттыру.

Бүгінгі бейнелеудегі негізгі бағыттың моделі:



**Бірінші сабақтың міндеті:** оқушыларға «Шырақ» поэмасын оқып беру, материалдармен таныстыру; иллюстрациялар жасауды үйрету; археологиялық жәдігерлер топтамасының фотосуреттерімен, жобалық долбарлар үлгілері. (П.Федотов, В.Серов, И.Репин) жұмыстарынан репродукцияларымен таныстыру.

**Сабақтың барысы:**

- Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин;
- сәлемдесу, оқушыларды түгендеу – 2 мин;
- «Шырақ» поэмасын оқып беру – 3 мин;
- Интерактивті тақтада археологиялық жәдігерлер топтамасының фотосуреттерімен, жобалық долбарлар үлгілері. (П.Федотов, В.Серов, И.Репин) жұмыстарынан репродукцияларымен таныстыру – 5 мин.
- жобалық сызба суреттер салу – 25 мин.

**Сабақтың түрі:** Тарих және әдебиет пәндерімен байланыстырылған дәстүрлі сабақ.

**Сабақтың көрнекілігі:** «Шырақ» поэмасы, ежелгі сақ тайпалары жайында деректер, археологиялық жәдігерлер топтамасының фотосуреттері. Жобалық долбарлар үлгілері. (П.Федотов, В.Серов, И.Репин) жұмыстарынан репродукциялар.

**Техникалық құрал:** Интерактивті тақта.

**Тақырып мазмұны:** Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Балалар! Өткен заман, бұрынғы дәуір туралы деректерді, мәліметтерді тарих сабағынан жақсы білесіңдер. Адамзат пайда болғаннан бастап, өткен өмірлері, дәуірлер кезеңдерімен, ата-бабаларымыздың тіршілік еткен қазіргі Қазақстанның кең байтақ өлкеміз жайында, сол кездегі адамдардың тұрмыста қолданылған бұйымдары, аң аулауға, жаудан қорғауға арналған қару-жарақтары, киген киімдері жайында да мағлұматтарды тарихшылардың, зерттеуші археологтардың орасан еңбектері арқылы танып, білудеміз. Ал, осы тарих жайында сендер не білесіңдер, сонымен қатар қандай мысал келтіре аласыңдар?

Оқушылар мысал келтіреді: Есік қорғанынан табылған алтын адам. Берел қорымынан, Жетісу өңіріндегі т.с.с. қорымдардан табылған жәдігерлердің бірнешеуі айтылады.

Жәдігерлер фотосуреттері интерактивті тақтадан көрсетілді.

Балалар, бүгін осы тарихи деректерді пайдалана отырып ежелгі сақтар жайында білетінімізді еске түсірейік.

Ежелгі сақ тайпалары б.э.б. VI – III ғ.ғ. өмір сүрген. Өзіндік мәдениеті дамыған, өте жауынгер, батыр халық болған және көбінесе мал шаруашылығымен айналысып, бейбіт өмір кешкен.

Мұндай ерекшеліктерін пайдаланған бұйымдарының әшекейлерінен (аң стиліндегі көбінесе алтынмен апталған) көреміз. Әрине ол кезде де сыртқы жаулар аз болған жоқ. Мал, жер тартып алу мақсатында жи-жиі қалың қолға қарсы, жаулардан қорғануға тура келді. Тіпті әйелдер де, қыздар, балаларға дейін соғысқа кірісіп, ерлік көрсете отырып жерді, елді қорғаған. Мысалы: Зарина, Томирис (Тұмар) патшайымдар.

Балалар, өзіміздің Аякөздегі тарихшы ұстаз Ешмағамбетов Бауыржан ағайларының осы сақтар жайында «Шырақ» атты поэма жазған екен. Қазір осы поэманы тыңдап, мазмұны мен мағынасына сәйкес иллюстрациялар суретін салып көрейік.

Поэма оқылады.

**Екінші сабақ (45 минут).**

Сабақ бояумен жұмысты жалғастыру және аяқтау.

**Екінші сабақтың мақсаты:** Оқушылардың «Шырақ» поэмасына иллюстрация жасау ісіндегі біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру.

**Екінші сабақтың міндеті:** алдыңғы сабақтағы қарындашпен сызған жобалық жұмыстарының ішінен мұғалімнің ұсынысы бойынша таңдау; таңдап алынған жобаны түрлі-түсті бояумен бояп шығару, аяқтау.

**Сабақтың барысы:** керекті құралдары мен бояларын дайындау және тапсырма беру – 5 мин;

- тәжірибелік сабақ – 35 мин;

- қорытындылау - 3 мин., (түсінбеген сұрақтарға жауап беру т.б.);

- тәжірибелік сабаққа тапсырма беру - 2 мин;

**Сабақтың мазмұны:** Мұғалім сабақтың екінші жартысында оқушыларға көптеген өткен сабақтағы жобалардың біреуін таңдауды және сол бойынша жұмыс жасауды тапсырады. Оқушылар қағаз-қарындаштарын алып, өзіндік жұмыстарына кіріседі. Мұнда балалар бейнелеудің еркін тәсілдерін рұқсат етіледі. Жұмыс барысында оқушылардың бірнеше жұмыстары қысқаша талданып, кемшіліктері мен артықшылықтары айтылады. Бұл сабақ барысында оқушылар Мұғалім сабақ кезінде әрбір оқшының іс-қимылын бақылай отырып, оқушылар орындап жатқан иллюстрациялық жұмыстарына аса көңіл аудара отырып, бояды пайдалану жұмысын қадағалап тұрады.

**Сабақты қорытындылау:** Оқушыларға сұрақтар қойылады.

**Сұрақтар:** Поэма дегеніміз не? Иллюстрация дегеніміз не?

Композицияның негізгі ерекшеліктері неде? Эпизод таңдауды қалай түсінесің? Оқушылардың жауаптары тыңдалынып болған соң, тақта алдына шағын көрме ұйымдастырылып, оқушылар жұмыстары бағаланады. Сонымен қатар, қосымша сұрақтар қойылып, мұғалім оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап береді.

#### Резюме

В данной статье рассматривается методика преподавания по рисованию для 6-го класса на историческую тему. Здесь по ходу занятия усваиваются цели по познанию и развития художественно-композиционного мышления учащихся, воспитание через осмысления исторических событий «Сакских времен».

#### Summary

This article discusses the methodology of teaching of drawing to the 6th class on a historical theme. here in the course of studies aims to assimilate the knowledge and the development of artistic and compositional thinking of students through the education of comprehension of historical events "Saksy times"

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ**

**А.Е.Ажитаева -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Магистратура және РҒБ докторантура институтының 6N0102 – БОПӘ мамандығының 1 курс магистранты*

Қазіргі таңдағы мектепті дамытудың негізгі бағыты – шығармашыл, сындарлы ойлай білетін, өз мүмкіндігіне сене білетін, әртүрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінен шешуге қабілетті азамат дайындау екендігі мәлім. Осының негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оған білім беру үстінде оның бойына жаңа тұлғалық қасиеттерді сіңіру өте қажет.

Жас буындарды ұлттық рухта тәрбиелеуде еліміздің мектептері шешуші рөл атқарады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: Қазақстан халқына Жолдауында (2007ж) «Білім берудің басты өлшемі – білім мен білік алған кез келген азамат әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» - деп атап көрсеткен. Ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған бүгінгі таңда жаңа Қазақстанның жаңа адамы республиканың тарихи, ұлттық, демографиялық, географиялық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерінің негізінде тәрбиеленіп, қалыптасуы тиіс. Әсіресе, мектеп оқушыларының шығармашылық жұмыстарын орындау біліктілігін дамыту өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені, тұлғалық - бағдарлық білім берудің мақсаты – тұлғаны жан-жақты мәдени дамыту болып табылады. Ондай тұлғаны қалыптастырудың әсерлі факторларының бірі - өнер, оның көркемдік